

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Спорт-денсаулық кепілі

<b>ЖАРИЯЛАНДЫ</b> 08.05.2022	<b>ТІРЕК СӨЗДЕР</b> ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту	<b>СІЛТЕМЕ</b> <a href="https://bilimger.kz/120150/">https://bilimger.kz/120150/</a>
---------------------------------	--	---

**Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы.****№16 «Аққайың» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі,****Амангалиева Улболсын Жумагуловна.**

**Тақырыбы:** «Спорт-денсаулық кепілі.

**Мақсаты:** Салауатты өмір сүруге қызығушылығын арттыру. Спортпен айналысудағы әр түрлі дене шынықтыру жаттығуларының әдістерін үйрену, оларды қолдану.

Балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру. Ептілікке, шапшаңдыққа, салауатты өмір салтына, тазалыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: Сайыс тақырыбы, жар қағаздары, эмблема.

Керекті құралдар: Кеглилер, боулинг доптары, жалаушалар, доптар, арқан.

**Барысы.**

**Тәрбиеші:** Құрметті қонақтар , ұстаздар және бүлдіршіндер! Бүгінгі «Балапан» ортаңғы тобының «Спорт-денсаулық кепілі» атты спорттық сайысына қош келдіңіздер!

Әр таңды бақытпен атырамыз

Өнерді ой көгінде бақылаңыз

Сайысқа қатысуға енді ортаға

Ортаға сайысқа қатысатын «Тұлпар», «Қыран» топтарды шақырайық.

### **Бүгінгі сайысымыздың әділ қазылары:**

Меңгеруші: Ермағанбетова М.С

Әдіскер: Г.Әлібекқызы

Медбике: Сматова.Б

### **Енді сайыс бөлімімен таныс болыңыздар.**

1. Кім жылдам?
2. Боулинг.
3. Кедергілерден өту.
4. Кенгуру.
5. Арқан тартыс.

### **Топ ұрандары**

#### **«Тұлпар» тобы**

Желмен бірге жарысқан

Тұлпар қалмас жарыстан.

#### **«Қыран » тобы**

Қырандай күшті қанатты

Біз өрендер талапты.

#### **1. «Кім жылдам?»**

Шарты: Балалар белгіленген жерге дейін жалаушамен жүгіріп қайтады.

#### **2. Боулинг.**

Шарты: Балалар қатар қойылған кеглилерді құлатуы қажет.

### 3. Кедергілерден өту.

Шарты: Балалар кедергілерден шатаспай өтіп жүгіріп қайтуы керек.

### 4. Кенгуру.

Шарты: Допты аяқтың қылтасына қысып алып екі аяқпен секіріп белгіленген жерді айнала, қайтарда допты қолға ұстап жүгіру.

### 5. Арқан тартыс.

Шарты: Екі топ балалары арқан тартысады.

#### **Тәрбиеші:**

Біреу озса жарыста,

Біреу артта қалады.

Жеңілгендер ренжімей,

Тараса бізге жарады, — деп сөзді әділқазыларға береміз.

Сайыскерлерді марапаттау.

Құрметті қонақтар келгендеріңізге көп рақмет, сау болыңыздар!